

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ:
ТАРИХИ БАҒДАРЫ, ДАМУ БЕЛЕСТЕРІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ»
XVIII ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕУРАЗИЯ ҒЫЛЫМИ ФОРУМЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ
XVIII МЕЖДУНАРОДНОГО ЕВРАЗИЙСКОГО НАУЧНОГО ФОРУМА
«30 ЛЕТ НЕЗАВИСИМОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН:
ИСТОРИЧЕСКИЙ КУРС, ВЕХИ РАЗВИТИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ»**

**MATERIALS
XVIII INTERNATIONAL EURASIAN SCIENTIFIC FORUM
«30 YEARS OF KAZAKHSTAN'S INDEPENDENCE:
HISTORICAL COURSE, MILESTONES OF DEVELOPMENT
AND PROSPECTS»**

Нұр-Сұлтан, 2021

ӘОЖ 94(574)
КБЖ63.3(5Қаз)
Қ18

Бас редактор

Сыдықов Е.Б., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Басқарма төрағасы-ректор, ҚР ҰҒА академигі

Жауапты редактор

Садықов Т.С., т.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ тарих факультетінің деканы

Редакция алқасы

Мерзалинова Г.Т., Басқарма мүшесі – Ғылым, коммерциализация және интернационалдандыру жөніндегі проректор; Айтмағамбетов Д.Р., т.ғ.к., доцент, Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму жөніндегі проректор; Сайлаубай Е.Е., т.ғ.к., доцент, ЕҰУ «Ел тарихы» ҒЗО директоры; Сейтказина К.О., т.ғ.к., доцент, деканның академиялық мәселелер жөніндегі орынбасары; Ерменбаева Г.К., т.ғ.к., доцент, деканның ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары; Көшенова Ғ.И., т.ғ.к., доцент, Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі; Үмітқалиев Ұ.Ұ., т.ғ.к., доцент, археология және этнология кафедрасының меңгерушісі; Дүкенбаева З.О., т.ғ.д., профессор; Мусабалина Г.Т., т.ғ.д., профессор; Ковальская С.И., т.ғ.д., профессор; Алпысбес М.А., т.ғ.д., профессор; Мусағалиева А.С., т.ғ.д., профессор; Сарсамбекова А.С., т.ғ.к., доцент; Сайлаубаева Н.Е., т.ғ.к., доцент; Кабылтаева С.К., PhD, доцент; Каженова Г.Т., т.ғ.к., доцент; Жанисов А.Т., т.ғ.к., доцент; Жапекова Г.К., т.ғ.к., доцент; Брынза Т.В., аға оқытушы; Абдуразаков М.Ф., аға оқытушы (тех. редактор); Бижанов А.С., аға оқытушы (тех. редактор); Оразаев С.Б., аға оқытушы (тех. редактор).

Редакция алқасының көзқарасы мақала авторларының пікірімен сәйкес келуі міндетті емес/Мнение автора публикаций не обязательно должно совпадать с мнением редакционной Коллегии.

«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл: тарихи бағдары, даму белестері және болашағы» XVIII Халықаралық Еуразия ғылыми форумының материалдары. II том / **«30 лет Независимости Республики Казахстан: исторический курс, вехи развития и перспективы»**: Материалы XVIII международного Евразийского научного форума. II том / Жалпы ред. басқарған Е.Б.Сыдықов. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 557 б. – қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-588-5

Бұл жинаққа Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің 25 жылдығына арналған **«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл: тарихи бағдары, даму белестері мен болашағы»** атты XVIII Халықаралық Еуразия ғылыми форумының материалдары енгізілді. Ғылыми форумның жұмысы Президент Қ-Ж.Тоқаевтың **«Тәуелсіздік бәрінен қымбат»** бағдарламалық мақаласының идеяларын жүзеге асыруға бағытталды.

Шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерінде Қазақстан халқының маңызды жетістіктері көрсетіліп, тарих ғылымының неғұрлым өзекті тақырыптары бойынша дамуының кейбір қорытындылары шығарылып, одан арғы зерттеулердің болашағы айқындалды. Жинақтың материалдары ғалымдарға, мамандарға, студенттерге, әртүрлі деңгейдегі ұйымдар мен билік органдарының басшыларына қызықты болуы мүмкін /

В данный сборник включены материалы XVIII Международного Евразийского научного форума **«30 лет Независимости Республики Казахстан: исторический курс, вехи развития и перспективы»**, посвященного 30-летию Независимости Республики Казахстан и 25-летию ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. Работа научного форума была нацелена на реализацию идей программной статьи Президента К-Ж. Токаева **«Независимость превыше всего»**.

В работах зарубежных и отечественных ученых отражены важнейшие достижения народа Казахстана и подведены некоторые итоги развития исторической науки по наиболее актуальным темам, определены перспективы дальнейших исследований. Материалы сборника могут быть интересны ученым, специалистам, обучающимся, руководителям организаций и органов власти разных уровней.

ӘОЖ 94(574)
КБЖ63.3(5Қаз)

ISBN 978-601-337-588-5

© Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2021

МИКХ-тағы қарастырылған араб-парсы деректері, археологиялық және этнографиялық деректер арқылы XV – XVIII ғасырлардағы қазақ халқының мәдени және шаруашылық өмірін көзге елестетуге болады. Қазақ жерінде Қазақ хандығы кезеңінде көшпелі мал шаруашылығы, жартылай көшпелі мал шаруашылығы және отырықшы шаруашылық түрлері де болған. Біз оны көптеген тарихшы-зерттеушілердің еңбектерінен көре аламыз. Қазақ жерінің географиялық ортасы, табиғатының алуан түрлілігі, бай флорасы мен фаунасы және ландшафттарының байлығы көптеген шаруашылық түрлерінің жүргізілуіне мүмкіндік берген. Шығыс Дешті Қыпшақ аймағын мекендеген халықтар ежелгі дәуірлерден бері табиғатпен етене байланыста, гармонияда өмір сүрген.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. Материалы по истории казахских ханств XV – XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). Составители: С. К. Ибрагимов, Н. Н. Мингулов, К. А. Пищулина, В. П. Юдин. – Алма-Ата, 1969. 651 с.
2. Көмеков Б. Е. IX – XV ғғ. араб тілінде жазылған ескерткіштер аясындағы Қазақстанның мәдени мұралары // Отан тарихы. – 2005. – № 2. – С. 79-82.
3. Шайбани-наме // МИКХ. – Алма-Ата: Наука, 1969. – 651 с.
4. Уәлиханов Ш. Ш. Шығармалар жинағы. 5 томдық. 2 т. А., 1985. 560 б.
5. Кинаятулы З. Преимственность в истории государств кочевников // В. кн.: История казахской государственности древность и средневековье. – Алматы: Адамдар. 2007.10-11 с.
6. Мирза Мухаммад Хайдар. Тарих-и Рашиди. – Ташкент: Фан, 1996. – 640 с.
7. Кумеков Б. Е. Государство кимаков IX-XI вв. По арабским источникам. Алма-Ата, 1972, - С. 157.
8. Бахр ал-асрар фи манакиб ал-ахйар // МИКХ. – Алма-Ата: Наука, 1969. – 651 с.
9. Грамоты из Сыгнака // МИКХ. – Алма-Ата: Наука, 1969. – 651 с.
10. Тарих-и Рашиди // МИКХ. – Алма-Ата: Наука, 1969. – 651 с.
11. Есмағамбетов К. Елдік белестері // Егемен Қазақстан. – 2015. № 14 (28492) – 23 қаңтар.
12. 171-б. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін), 2-том. – Алматы. Атамұра, 2010. – 640 бет.
13. Кәрібаев Б.Б., Манатова А.М. XVI ғасыр басындағы Қазақ хандығының Шайбани әулетімен қарым-қатынасының кейбір мәселелері («Михман-наме-йи Бухара» мәліметтері негізінде) // Әл-Фараби ат. ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы. – 2013. № 1 (68) – 25-29 бб.
14. Фазлаллах ибн Рузбихан Исфакани. Михман наме-йи Бухара / Записки Бухарского гостя / Перевод, предисловие и примечания Р.П. Джалиловой. Под. ред. А.К. Арендса. – Москва. – 1976. – 196 с.
15. Шараф-наме-йи шахи // МИКХ. – Алма-Ата: Наука, 1969. – 651 с.
16. Жолдасбаев С. Ж. Қыстаулар – тұрақты ғұмырдың белгісі // ҚазМУ хабаршысы. Тарих сериясы. 2008. № 7. 81-85-бб.

ЖОШЫ ҰЛЫСЫ ТАРИХЫНА КЕҢЕСТІК ЗЕРТТЕУШІЛЕРДІҢ КӨЗҚАРАСЫ

Шакиева А.С.

тарих магистрі, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті докторанты

Кеңес Одағының коммунистік партиясының билігі кезінде КСРО құрамындағы республикалардың зерттеушілеріне ұлттық тарихты зерттеуге қойылған талаптарының әсері болды. Жошы Ұлысы (Алтын Орда) шамамен 200-250 жылдай уақыт өмір сүріп, оның құрамына енген халықтардың әлеуметік-экономикалық, мәдени институттарына әсерін тигізгені сөзсіз. Алайда, ортағасырлық мемлекет тарихына объективті бағаның әлсіз болғанын кеңес тарихнамасының мұрасы дәлелдейді. Сондай-ақ, кеңестік дәуірде Алтын Орда тарихына қатысты тарихнамалық дәстүрдің біркелкі болмағаны белгілі. Тарихта белгілі ресми мәліметтерден бөлек, саяси ықпал әсерінен арнаулы түрде жасырынды, бұрмаланған тұстары жеткілікті. Осылайша, кеңестік дәуірдің еңбектері қатаң «партиялық-идеологиялық» сынға түсіп, белсенді түрде ғылыми айналымдардан бірден алынып, кеңестік саясат сипатына сай еңбектер көп мөлшерде баспаға жарияланып отырды. Біз мақаланы жазуда кеңестік кезеңде қалыптасқан идеологиялық ұстанымдардың Жошы Ұлысының тарихын зерттеуге деген әсерін айқындап, талдауды мақсат еттік.

Кеңес өкіметі қазақ даласында орнаған сәттен бастап мемлекеттің ішкі саясаты, соның ішінде тарихи-мәдени қырларына әсерін тигізді. Дегенмен, кеңестік тарихнаманың көмегімен ұлттық тарихымызды зерттеуде бай методологиялық тәжірибеге қол жеткізілді, Жошы Ұлысы тарихы бойынша кейбір пікірлер қалыптаса алады. Әрине, Жошы Ұлысы тақырыбын зерттеу патшалық Ресей кезінде басталады. Алғаш рет, 1826 жылы Ресей Ғылым Академиясы Ресей мен Батыс Еуропа ғалымдарына моңғол шапқыншылық зардаптарын айқындайтын ғылыми жұмыстар жариялау іс-шарасын өткізу керек деген шешім қабылданады. Алайда, ұсынылған жұмыстар арнайы комиссия тарапынан теріс баға алады. Алты жылдан кейін Ғылым Академиясы тағы да осы тақырыпты жаңғырту аясында моңғол тақырыбына қызығушылық танытып, екінші рет Алтын Орда тарихына қатысты мәліметтер жинақтау аясында сайысті өткізу жайлы шешім қабылданды.

1832 жылы Ғылым Академиясына ХІХ ғасырдағы белгілі шығыстанушы ғалымы Х.М. Френнің осыған орай тақырыпқа қатысты маңызды тұжырымдамасы жарияланады. Оның пікірінше: «Алтын Орда деген атпен белгілі Жошы Ұлысы тарихын жазу, сыни тұрғыдан өңделген шығыс дереккөздерін, әсіресе хан әулетінен теңгелі ескерткіштерді сақтаған мұсылман қолжазбаларын, ежелгі славян, поляк, венгер халықтарының қолжазбалар үзінділерін келтірген еңбектерді пайдалану қажет». Френнің ұсынған жұмысы Алтын Орда тарихына қатысты жаңа мәліметтер кездеседі, алайда Жошы Ұлысындағы әлеуметтік-экономикалық тақырып мәселесі қарастырылмады. Ғалымның тұжырымдамасына сәйкес, «Бізге моңғол үстемдігі жылдары Алтын Орда деген атпен белгілі болған ортағасырлық мемлекет, сондай-ақ мұсылмандар үшін Жошы Ұлысы деген атпен белгілі...,екі жарым ғасырға жуық уақыт бойы Ресейдің қасіретіне айналып, оны сөзсіз құлдықта ұстап, отанымыздың тағдырына, құрылымына, құрылу тарихы мен тіліне әсерін тигізді» [1, 9].

Академик Х.М.Френ Алтын Орда тарихын аса қасіретті кезең деп есептеді, сондықтан тақырыпқа ғылыми тұрғыдан ғана қызығушылық танытты. Ресей Ғылым Академиясының екінші рет өткізілген сайысысәтсіздікке ұшырап, үлкен жетістіктерге әкелмеді. Бұл іс-шараның сәтсіз аяқталуына Алтын Орда тарихына қатысты империялық сипаттағы ғылыми жұмыстардың аздығы себеп болды. Бірақ, Алтын Орданы зерттеуге деген қызығушылық бәсеңдемей, зерттеу жұмыстары өз жалғасын таба берді. Жалпы, революцияға дейінгі тарихнама Қазақстан тарихын зерттеуде ғылыми айналымға жаңа нақты материалдар енгізді. Алайда, ғылыми әдебиеттерде қазақ халқының тарихы тарихи жүйенің субъектісіне емес, керісінше империялық отарлық саясаттың объектісіне айналды. Себебі, ұлттық тарих жайлы мәліметтер келтіру барысында, көп жағдайда қазақ тарихын артта қалғандығын қолдайтын көзқарастардың көптігі байқалды.

Кеңестік кезеңдегі ғылыми ортада Алтын Орда тарихы өзекті тақырыпты қамтитын жұмыстардың бірі болды. Кеңестік кезеңде қалыптасқан тоталитарлық жүйе салдарынан, барлық зерттеушілердің еңбектері қатаң бақылауға алынды. Оның негізгі ерекшелігіне марксистік методологияны қолдану жатады. Сол дәуірде қатаң саяси жүйенің орнауымен тарих ғылымы толығымен партиялық идеологиялық жүйеге бағынды.

Осы тақырыпта 1922 жылы археологиялық жұмыстардың нәтижесінде шығарылған профессор Р.Ф.Баллонның «Старый и новый сарай столицы Золотой Орды» ғылыми еңбегін атауға болады. Алтын Орда астанасы Сарай қаласының сипаты, тарихи-географиялық мекені жайлы мәліметтер келтіріледі [2]. Автор археологиялық жұмыстарының қорытынды нәтижесінде, Алтын Орда мемлекетінің территориясы дамыған мәдени ошақ алаңы болғанын мойындады. Жалпы, Р.Ф.Баллонның еңбегі Алтын Орда тарихына оң баға бере отырып жазылды. Еңбекте археологиялық барлау жұмыстарының көмегімен В. Баллонның жариялаған мәліметтерінде Алтын Орда кезеңіне қатысты елді мекендердің едәуір санын анықтады. Автордың зерттеулері Алтын Ордадағы отырықшы елді мекендеріне қатысты көзқарасты өзгертті.

1930 жылы Н.Арзютовтың «Золотая Орда» атты Жошы Ұлысы тарихына арналған еңбегі жарияланды. Автордың пікірінше: «Алтын Орда –Азия аумағындағы ірі әскери-саяси оқиғалар желісінің қорытынды нүктесі болды. Әлемге әйгілі Шыңғысхан үлкен ауқымды

территориялық аймақты жаулап алуға ұмтылып, әскерін жердің барша бөліктеріне жіберуге тырысты» [3, 1]. Н.Арзютовтың бастамасымен жазылған еңбегі қоғамға ортағасырлық Алтын Орда саяси тарихымен танысу үшін бағытталған болатын. Жалпы, Р.Ф.Баллонның ізін жалғастырушы авторлардың бірі болып Н.Арзютов саналады, себебі Алтын Орданың тарихы, географиялық мекені, мәдени тұстарын археологиялық қазба жұмыстарымен толықтырды. 1934 жылы академик Б.Я. Владимирцовтың «Общественный строй монголов» атты еңбегі Кеңес Одағының Ғылым Академиясының тапсырмасы аясында жарияланымға жіберілген еді [4].

Бұл еңбекте Шыңғыс хан құрған Моңғол мемлекетінің орта ғасырдағы тарихы, шаруашылығы, феодалдық сипаты жайлы мәліметтер келтірілген. Б.Я. Владимирцовтың еңбегінде Моңғол империясының қоғамдық құрылысын өзіндік ерекшелігінің болуы жайлы сипатталады. Сондай-ақ, аталған мемлекет Азия мен Еуропа елдерінің мемлекеттерінің құрылу тарихына әсерін тигізгені жайлы пікірді ұстанды. Автордың еңбегінен толық моңғолдардың әлеуметтік құрылымы жайлы ақпарат аздығы байқалады, тек кейбір қоғамдық құрылысына анықтамалық мәліметтерді кездістіруге болады. Ғылыми жұмысты жазу барысында автор саяхатшылардың келтірілген деректерін сынға алып, олардың ішінде моңғол тілін білетін, моңғолдық филологиялық білімімен таныс зерттеушілердің аздығына назар аударады. Сол себепті автор еңбекті жазу барысында моңғол жеріне барып, халықтың әлеуметтік құрылымымен таныс болады. Бұл жұмыс кеңестік дәуірде Моңғол мемлекетінің әлеуметтік құрылым тарихын жазуға бағытталған жұмыс еді. Біздің ойымызша, ортағасырлық моңғол өмірін мен ХХ ғасырмен салыстыру мүмкін емес. Себебі ғасырлық өзгеріске, жаһандық дамуға ұшыраған моңғол халқында әлеуметтік құрылымыда өзгеруі мүмкін. Сондықтан, Б.Я.Владимирцевтің жұмысы субъективті нұсқада жазылған жұмыс болып табылады.

Тарихи деректерге мән бермеу салдары, буржуазиялық ұлтшылдарда тарихи фактілерді басқаша жазу сипаты кең танымал болады. Осылайша, тарихты жазуда тарихи тұлғаларды ғана емес, кейбір тарихи маңызы бар оқиғалар көпшіліктің назарынан таса қалады. ХХ ғасырдың 40 жылдары қоғамда «Покровский мектебінің» ықпалы деген ой қалыптасады. Себебі, Покровскийдің идеясын қолдаушылардың жұмыстары анти-марксистік бұрмалануға ұшыраған жұмыстар деп саналады. М.Н.Покровский және оның мектебінің өкілдері «тарих – бұл өткенге аударылған саясат» деген пікірді ұстанды. Бұл алда тарихи ойлардың бұрмалануына әкеліп, осылайша тарихтың жаңғыру үдерісіне алып келеді. М. Покровский мектебі қалыптасып келе жатқан марксистік-лениндік саясатқа қарама-қарсы көзқарастың туындауына алып келді. Сондай жұмыстардың айқын дәлелі ретінде А.Ф.Рязановтың жұмысын атауға болады [5].

ХХ ғасырдың 40 жылдары кеңестік қоғамда туындаған мәселенің шешу жолдары осылайша іздестіріле бастады. Орталық комитеттің шешімімен «Краткий курс истории ВКП(б)» атты ғылыми әдебиетті жариялау туралы шешім қабылданады. Бұл еңбектің тарихи маңызы – марксистік ілімге сай, Покровский мектебінің өкілдері жіберген қателіктерден алшақтау, марксизм-ленинизм теориясын түсіндіруде біршама сұрақтың жауабы болады деп санады.

1941 жылы КСРО Ғылым Академиясының бастамасымен «Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды» еңбегі баспаға шықты. Бұл еңбекте В.Г.Тизенгаузеннің жинақтаған ортағасырлық қолжазбалары жинақталды, сондай-ақ оның түпнұсқалығын сақтап А.А.Ромаскевич пен С.А.Волин ғалымдар баспаға жариялады. В.Г.Тизенгаузен Алтын Орда тарихына қатысты мәліметтер беретін вендік қолжазбаны, Лейден және Париж қолжазбаларының көшірмелерін алып, еңбекте кейбір қолжазбалардың аудармалары көрсетеді [6]. Мәселен, аталған материалдар жинағында Тизенгаузен жинақтаған «Тарихи гузиде», «Анонима Искендера» еңбектеріндегі құнды мәліметтерді, Джузджани, Джувейни мен Рашид-ад-динсынды ортағасырлық авторлардың еңбектерінің аудармасымен таныс боламыз [6, 6]. Бұл материалдардың тарихи маңыздылығына қарамастан, оларда келтірілген географиялық мәліметтердің жетіспейтіндігін атап өткен жөн,

олар көбінесе ертедегі еңбектердегі шежірелермен сәйкес келеді. Тарихи-географиялық ақпарат шеңберінің тарлығы көбінесе араб авторларының басым көпшілігі ешқашан Жошы ұлысының иеліктеріне бармағанына, көбіне дипломаттар мен көпестердің сөздерінен ақпарат алғандығына байланысты болды. Әрине, кейбір жағдайларда еңбекте бұрмаланған немесе тіпті дұрыс емес мәліметтерді кездестіруге болды. Географиялық тұрғыдан алғанда, мемлекет аумағының жалпы сипаттамалары, соның ішінде әртүрлі аудандар мен қалалардың тізімі үлкен қызығушылық тудырады. Еңбекте кездесетін мәліметтердің ішінде назар аударатын тұсына, араб деректерінде кездеспейтін Әмір Темір мен Тоқтамыс арасында әскери соғыстар нәтижесінде өзгерген географиялық аймақтар туралы егжей-тегжейлі мәліметтер көрсетіледі.

1941 жылы Кеңес Одағының ғылыми тұжырымдамасын айқындау аясында қазақ халқының ұлттық тарихын баяндауға бағытталған М.Вяткиннің «Очерки по истории Казахской ССР» жарияланады. Автор еңбекті жазу барысында архив құжаттарын, тікелей әрі жаңама қолжазбаларды қолданады. Ғалым аталған оқулықты жазу барысында Алтын Орда империясын феодалдық сипаттағы мемлекет деген пікірді ұстанды [7, 69].

Академик М.Вяткиннің пікірінше, қазіргі заманғы Қазақстан территориясының батыс, солтүстік және орталық бөліктері Жошы Ұлысының құрамына кірді, сонымен қатар тарихта Көк Орда немесе Алтын Орда деген атпен белгілі болды. Осылайша, автор Жошы ұлдарына тиесілі ұлыстардың территориясын айқындады. Негізі академик М.Вяткин тікелей Кеңес өкіметінің тапсырмасын орындауда, ұлттық тарихты жазуда белсенділік танытты. Автор Алтын Орда тарихын жазуда В. Лениннің шығармаларынан үзінді келтіре отырып, барынша марксистік-лениндік сипатқа сай жазуды мақсат етті. Моңғол тарихын жазуда олардың жойқын шапқыншылық әрекеті, зардаптары жайлы пікірлер кездестіруге болады. Сондай-ақ, академик М.Вяткин толықтай орыс князьдықтарының Алтын Орда құрамына кірмегенін, тек вассал қызметін атқарғаны жайлы пікірді ұстанды.

Тарихнамалық шолу жасау барысында Алтын Орда тарихына зерттеу жүргізіп, оның тарихи географиясының жекелеген аспектілеріне қатысты жалпы сипаттағы қорытынды пікірлер жайлы ұмытпаған жөн. Осындай іргелі еңбектердің бірі 1943 жылы «Қазақ ССР тарихы» болып табылады [8]. Алтын Орданың тарихын кеңестік тарихи түсіндірілуімен қатар, бұл жұмыста кей жерлерінде қателер байқауға болады. Мәселен, Алтын Орда мемлекетінің саяси тарихы ғылыми жағынан тар көзқараста жазылған. «Ақ Орда», «Көк Орда» және «Алтын Орда» атауларының шығу тарихына қатысты бұрыс пікір қалыптасты. Еңбекте қарастырылған әлеуметтік құрылымға тікелей марксистік-лениндік тұрғыда баға бере отырып, жазылды.

А.Н. Насоновтың «Монголы и Русь» еңбегі демарксистік-лениндік сипатта жазылған жұмыстар топтамасына енеді. Автор монғол тарихын жаза отыра, Карл Маркстың «Secret Diplomatic History of Eighteenth Century» еңбегінен үзінді ойды келтірді, мәселен, «Татарское иго продолжалось... свыше двух столетий. Это было иго, которое не только подавляет, но растлеивает и иссушает самую душу народа, который ему подпал. Монгольские татары установили режим систематического террора, орудием которого были грабежи и массовые убийства» [9, 3]. Дегенменен, А.Н. Насонов Алтын Орда тарихын жазу барысында саяси тұсынан қателіктер жібергені мәлім.

Кеңестік тарихнамада белгілі ғылыми туындылардың біріне Б. Греков пен А. Якубовскийдың «Золотая Орда» еңбегі жатады. Академик А.Ю. Якубовский өз жұмысында XIV ғасырдың 60-70-ші жылдарында Алтын Ордадағы феодалдық өзара тартыс тарихына егжей - тегжейлі тоқталады [10] (Греков, Якубовский, 1937). Сондай-ақ, авторлар тәуелсіз ұлыстардың пайда болуын, яғни Ақ Орда және Көк Орданың құрылу тарихы жайлы мәліметтермен бөліседі. КСРО Ғылым Академиясының мүшелері тарапынан сынға алынған тұстарына қарамастан, Б. Греков пен А. Якубовскийдың еңбектерінде келтірілген мәліметтер құнды болып табылады.

1951 жылы Б. Греков пен А. Якубовский «Золотая Орда и ее падение» еңбегін жариялады. Бұл жұмыс «Золотая орда» еңбегінің жалғасы есебінде болғаны белгілі. Еңбекте

келтірілген деректерге сүйенсек, Жошы Ұлысына тиесілі негізгі жерлердің біріне Дешті Қыпшақтың барлық аумағы жатады. Алайда, Жошының тірі кезінде-ақ, бұл елді мекенге тек номиналды түрде ғана иелік етіп, шынына келгенде жаулап алуға міндетті болды. Бату ханның бастамасымен ұйымдастырылған әскери жорықтардың нәтижесі ретінде Дешті Қыпшақ, Бұлғар, Қырым және Кавказдан Дербентке дейін моңғолдардың немесе татарлардың қолында болды. Сондай-ақ, осындай тарихи оқиғалардың нәтижесінде орыс халқының татарларға қарсы батырлық күресін суреттеді [11]. Олардың ғылыми еңбекті жазу барысындағы міндеті тарихи және географиялық аспектілерді егжей-тегжейлі көрсету емес еді. Нәтижесінде олардың еңбектері мазмұны жалпыламалық сипатқа ие болып, көбінесе дереккөздерінің аздығымен немесе оларды қайталаумен шектеледі. Жалпы, бұл еңбектің 1941 жылы жарияланған еңбектен қатты айырмашылығы жоқ, тек үшінші бөлімінде Алтын Орда мемлекетінің құлауын жазады. КСРО Ғылым Академиясы еңбекті талқылау барысында соңғы бөлімін үздік жұмыс деп таныды.

Кеңестік дәуірде билік қазақ халқының тарихын жазуда барлық арандатушылық әрекеттермен күрес жүргізді. 1958 жылы П.П.Ивановтың «Очерки по истории Средней Азии (XVI- середина XIX в.)» еңбегінде Алтын Орда тарихы, Дешті Қыпшақ Даласында орын алған әскери-саяси оқиғалар жайлы сипатталады. Ғалым деректерді пайдалана отыра, келесі жағдайға көңіл аударды: «Ақ Орданың құрылуы, оның саяси және әлеуметтік-экономикалық өмірі арнайы түрде зерттелмегендіктен, бұл тақырып барынша толыққанды қарастырылмады» [12, 17]. Келтірілген дерекке сүйенсек, Жошы Ұлысы екіге бөлінді, сол қанат немесе Ақ Орда және оң қанат Алтын Орда (Көк Орда). Автор өз жұмысында келесідей мәлімет келтірді: «Алтын Орда құдіреті күшті болған жылдары Ақ Орданың билеушілері ешқандай билікте дербестікке қол жеткізе алмай, тек вассал қызметін атқарды» [12, 58].

1950 жылдардың ортасында «жылымық» кезеңімен тақырыпты зерттеуге қатысты жаңа тәсілдердің пайда болуы байқалады. Сондай жұмыстардың бірі ретінде кеңестік тарихнамада Жошы Ұлысы тарихына арналған классикалық жұмысқа М.Г.Сафарғалиевтың «Распад Золотой Орды» [1] еңбегі жатады. 7 бөлімнен тұратын ғылыми еңбегінде Алтын Орданың құрылу кезеңінен бастап жазылған, сонымен қатар XIV-XV ғғ. басындағы Жошы Ұлысының саяси тарихына терең талдау жасалды. Автор өз еңбегінде келесі пікірді ұстанатынын білдірді: «К.Маркстың ұстанымы Алтын Орда тарихын кеңестік тарихнамада зерттеуге методологиялық негіз болды» [1, 12]. М.Сафарғалиев «XIV ғасырдағы белгілі материалдар негізінде Алтын Орданың аумағын осы кезең үшін тек болжап қана айтуға болады» [1, 22] деген қорытындыға келді. Автордың ойынша, тереңдетілген археологиялық зерттеулер жүргізудің көмегімен Алтын Орда мемлекетінің аумағы бойынша нақты мәліметтерге ие болуға болады.

Дегенмен, М.Г.Сафарғалиевтың жұмысын қарастыру барысында тарихи-географиялық қырларына аз назар аударылған, сонымен қатар, материалдардың аздығын айтуға болады. Автордың келтірілген археологиялық мәліметтері Алтын Орда қалаларының дәрежесін төмендетеді, себебі еңбекте «олар қолөнері әлсіз дамыған сауда орталықтары есебінде» сипаттайды.

1965 жылы Алтын Орда мемлекетінде ішкі билік үшін талас-тартыс нәтижесінде қалыптасқан Өзбек мемлекетінің құрылу тарихы жайлы Б.А.Ахмедовтың «Государство кочевых узбеков» еңбегінде көруге болады [13]. Кітапта Әбілқайырхандығының саяси тарихы жайлы жазылған. Автор бұл еңбекті жазуда деректерді, саяхатшылардың және археологиялық барлау жұмыстарының мәліметтерін пайдалана отырып, Алтын Орда мемлекетінің шығыс бөлігінің тарихын жазуға тырысты. Көшпелі өзбек мемлекетінің құрылуына Жошы Ұлысында орын алған саяси жағдайлардың әсері мол болғанына назар аударды.

1966 жылы археологиялық мәліметтердің негізінде ортағасырлық көшпелі қоғамның ішкі тарихын көрсететін Г.А. Федоров-Давыдовтың жұмысын атауға болады. Г.А. Федоров-Давыдовтың «Кочевники Восточной Европы под властью золотоордынских ханов» [14] атты кітабында көшпелілер этногенезі, печенегтердің антропологиясы, Киев Русімен көшпелілер

арасында орныққан қарым-қатынас мәселелері қарастырылған. Автор зерттеу жүргізу барысында Алтын Ордалық дәуірге жататын көшпелілердің жерлеу дәстүріне қатысты деректермен таныстырады. Алайда, бұл дәстүр тек моңғолдарға ғана емес, сондай-ақ Алтын Ордалық хандардың ықпалына түскен печенегтер мен түркі тайпаларына датиесілі болды. Аталған еңбекте келтірілген мәліметке сүйенсек, моңғол шапқыншылығы нәтижесінде тайпалық бөліну дәстүрі жойылып, Дешті Қыпшақ даласы ұлыстық жүйеге бағынатын феодалдық даму түріне көшті. Алғаш рет автордың зерттеуі нәтижесінде мемлекеттің қоғамдық құрылысына әскери-саяси мен этникалық үдерістердің әсерін зерттеп, Жошы Ұлысы территориясындағы жаңа этникалық халықтардың құрылу тарихы жайлы тұжырым жасады.

1970 жылы алғаш рет мазмұны жағынан көлемді «Татаро-монғолы в Азии и Европе» тақырыбындағы жинақта танымал тарихшы-медиевистердің мақалалары жарияланды [15]. Осы еңбекке пікір жазушылардың бірі «бұл жинақ – ортақ тарихқа жалпылама болатын еңбекті жазудағы сәтті қадамдардың бірі болып табылады», - деп тұжырым жасады [16, 180]. Алайда, жинақтағы барлық мақалаларда ортағасырлық жазбаша деректерге деген сындық көзқарастың жоқтығы байқалады.

1982 жылы кеңестік белгілі тарихшы С.А. Плетневаның [17] еңбегінде моңғол дәуіріндегі көшпелі өркениеттің даму ерекшелігі археологиялық материалдарды пайдалана отырып жазылды. Еңбек көшпелілердің әлеуметтік-экономикалық қатынасының қалыптасу заңдылығын зерттеуге арналған. Сондай-ақ, отырықшылар мен көшпелілердің қарым-қатынас мәселесін, мәдениет сұрақтарын қарастырады. Автор өзінің еңбегінде «Алтын Орда» мемлекетіне келесідей баға берді: «Алтын Ордада бірегей мәдениет қалыптасқанымен, географиялық тұрғыдан түрлі тайпалық бірлестіктер қоныстанып, экономикалық жағдайының әртүрлі болуына алып келді» [17, 72]. Тарихшы С.А. Плетнева Алтын Орданы Түркі қағанатының тарихымен ұқсас деп есептейді. Себебі шамамен ол да 100 жылдай өмір сүріп, кейін бірнеше қағанаттарға бөлініп кетті [17, 84].

1985 жылы В.Л. Егоровтың монографиясы Алтын Орда тақырыбына қатысты тарихи-географиялық сұрақтарды қарастырады. «Историческая география Золотой Орды в XIII–XIV вв.» [18] еңбегінде XIII ғ. Алтын Орданың Русьпен шекарасы іс жүзінде өзгеріске ұшырамағаны жайлы жазылған. Монографияда моңғол ақсүйектері Киев Русін экономикалық жағдайына, яғни қазынасын толықтырудың сарқылмас көзі ретінде пайдаланғаны жайлы айтылады. Жалпы автор өз жұмысында Батый ханға тиесілі ұлыстың тарихи-географиялық мәселесін ашқанымен, Жошы Ұлысының шығыс бөлігі – Ақ Орда тақырыбы аз зерттелді. Бұл еңбектің тарихы маңызы ретінде, «Алтын Орда» терминінің шығу тарихы туралы мәліметтер кездеседі. Тарихи тұрғыдан алғанда, жұмыс Алтын Орданың саяси тарихы үшін ғана емес, сонымен бірге мемлекетті аумақтық-географиялық бағалау үшін де маңызды болып табылады. Жошы Ұлысының тарихтағы орны мен рөліне қатысты айтыс-тартыстар әлі күнге дейін тоқтар емес. Ортағасырлық мемлекетке қатысты тарихта құпияға толы тұстары да жеткілікті. Негізгі себептер ретінде мәліметтердің аздығы, мәселенің күрделілігі, екіншісіне мемлекеттің идеологиялық тұрғыдан зерттеушілерге қысым келтіруімен түсіндіріледі.

Осылайша кеңестік тарихнама бойынша қарастырылған еңбектерде Жошы Ұлысының тарихына деген бірегей көзқарастардың болмағаны жайлы ой қорытуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен деректер тізімі:

1. Сафаргалиев М.Г. Распад Золотой Орды / Уч. зап. Мордов. гос. ун-та. Вып. IX. – Саранск: Мордов. кн. изд-во, 1960. – С. 276
2. Баллон Ф. Старый и новый сарай столицы Золотой Орды. – Казань, 1923. – С. 123.
3. Арзютов Н. Золотая Орда. – Саратов, 1930. – С. 10
4. Владимирцов Б.Я. Общественный строй монголов. – Москва: Ленинград : Изд-во Акад. наук СССР, 1934. – С. 224.
5. Рязанов А.Ф. На стыке борьбы за степь. Очерк по истории, колонизации Новолинейного района, 1835-1845 гг. – Оренбург: Типо-литография Горпромкомбината, 1928. – С. 19-64.

6. Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой орды //Акад. наук СССР, Ин-т востоковедения. – Москва: Ленинград : Изд-во Акад. наук СССР, 1941. Т.1. –С. 308
- 7.Вяткин М. Очерки по истории Каз. ССР. –ОГИЗ:Госполитиздат,1941. – С. 367.
8. История Казахской ССР. Т.3. – КазОГИЗ, 1943. – 204 б.
9. Насонов А.Н. Монголы и Русь. –М.: АН СССР, 1940. – С. 178.
10. Греков Б., Ябуковский А. Золотая Орда. –Л.: ОГИЗ, 1937. – С. 216
11. Греков Б., Ябуковский А. Золотая Орда и её падение. – Л.: Изд-во АН СССР, 1950. –С. 478.
12. Иванов П.П. Очерки по истории Средней Азии (XVI – середина XIX вв.). –М.: ИВЛ, 1958. – С. 248
13. Ахмедов Б.А. Государство кочевых узбеков. – М.: Наука. ГРВЛ, 1965. – С. 195.
- 14.Федоров-Давыдов Г.А. Кочевники Восточной Европы под властью золотоордынских ханов. – М, 1966. –С. 276.
15. Татаро-монголы в Азии и Европе. – М, 1977. – с. 504
16. Каргалов В.В. Куликовская битва. –М.: Воениздат, 1980. – С. 128.
17. Плетнева С.А. Кочевники средневековья. – М, 1982. – С. 188.
18. Егоров В.Л. Историческая география Золотой Орды в XIII–XIV вв. –М.: Наука, 1985. – С. 247.